



Бекітемін

2025 ЖЫЛ

Фурманов жалпы білім беретін мектебі

директор: Р.И. Досмаилова

### Перспективалық жоспар

2025-2026 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының күнтізбелік – тақырыптық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп және ҚР Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы ұсынған 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдары. Мектепалды даярлық сыныптарда және топтарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрастырылған.

«Алматыкітап баспасы» баспасының оқулықтары бойынша 2022 ж  
Мектепалды даярлық сыныбы  
2025-2026 оқу жылы

Топ тәрбеишісі: А.Бейсова Бейсова А.Б.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Түсінік хат**

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) айқындалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымша ҚР Білім және ғылым министрінің 19.11.2014 № 479 ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 № 7 бұйрығымен

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны бекітілді.

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары (бұдан әрі - МДҰ) мен мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепалды сыныптарында (бұдан әрі – мектепалды сыныптар) тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат (бұдан әрі -Әдістемелік нұсқау хат) тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыруда қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын (бұдан әрі - Стандарт), Үлгілік оқу жоспарларын (бұдан әрі – Үлгілік жоспарлар), Үлгілік оқу бағдарламасын (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

«Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес балаларды мектепалды даярлау 5жастан бастап отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында

жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектептердің, (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесі 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында (Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру кезені) жүзеге асырылады. Оқу жылы бойы мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді. Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепалды сыныптардан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады.

#### ***Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру***

Мектепалды сыныптар тәрбиелеу-білім беру процесін:

- 1) Стандартқа;
- 2) Үлгілік жоспарға сәйкес мектепалды сыныптарда аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты (күніне 4-5 ұйымдастырылған іс-әрекеттер), мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.
- 3) Үлгілік бағдарламаға сәйкес іске асырады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнында:

- тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- білім беру әрекетін тиімді кіріктіру;
- тәрбие мен оқытудың сабақтастық, үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз ету;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі қарастырылады.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

1.«Дене шынықтыру» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2-қосымша ҚР Оқу ағарту министрінің 29.10.2024ж № 319 бұйрығымен «Дене тәрбиесі» болып өзгеріп ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі

2. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері аптасына екі сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі
3. Сауат ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі.
4. Математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі
5. Қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті Қазақстан Республикасы Оқу ағарты министрі 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрыққа 3-қосымша «Қоршаған әлеммен таныстыру» ұйымдастырылған іс-әрекет болып өзгеріп аптасына екі сағат өткізіледі.
6. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі,
7. «Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет білім беру ұйымының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және тәрбие мен

мектепке дейінгі

оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Топ/сынып Мектепалды О «а» сыныбы  
Балалардың жасы 5 жастан бастап  
Жоспардың құрылу кезеңі Қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Тақырыбы	Күні
Қыркүйек	Денетәрбиесі	-Спорттық құрал-жабдықтардың қажеттілігін, зал ішінде қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін, заттарды аттағанда тепе-теңдік сақтау қажеттігін	Спортзал	03.09
		-Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысыпалып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру;	Спортзалда ойнаймыз	04.09
		-Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру;	Денсаулықтың құпиялары	08.09
		-Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;	Күлкі сыйла Біз күшті және ержүрекпіз	10.09
		-Арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып жүру;	Мен ойнағанды жақсы көремін	11.09
		-Скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту, қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу	Қалай спортшы болуға болады	15.09

Қыркүйек	Сөйлеуді дамыту	-Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу	Доппен ойнап, көңіліңді көтер	17.09
		- Модульдер үстімен (із салынған парақтар, арқан т.б.) тепе-теңдік сақтап қалай жүру керектігін, күзгі табиғаттың кереметтігін түсіндіру	Күзгі орманда	18.09
		-2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру	Дене қабілеттерін дамыту	22.09
		- Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу;	Біз әртүрліміз	24.09
		- Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру	Менің сүйікті жануарларым	25.09
		-Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру;	Зейінді боламыз	29.09
		-Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.	Мектептегі алғашқы күн	03.09
	- Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттыулар жасау.	Мектептегі алғашқы күн	08.09	
	- Сөйлеуде интонациялық мәнерлік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу	Менің досым	10.09	
	- Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану	Менің досым	15.09	
	-«Д» – «Т» дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; . Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету	Менің сүйікті ойыншығым	17.09	
	- Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	Менің сүйікті ойыншығым	22.09	
	- Сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.	Күз бояуы	24.09	
	- Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау	Күз бояуы	29.09	
Қыркүйек	Көркем әдебиет	- Білім туралы түсінігін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту. Ойын жеткізіп айта білуге тәрбиелеу.	Білімнің – бұлағың	04.09
		-Өлең мазмұнын қайталап айтуға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Балабақшада бір-бірімен тату болуға тәрбиелеу.	Бәрі де бар бақшада	05.09
		-Күз мезгіліндегі табиғат ерекшелігімен таныстыру. Сөздік қорын байыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу	Күз – жомарт	11.09

		-Күзгі еңбек туралы түсінігін дамыту. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	Ас атасы – нан	12.09
		-Достық туралы түсінігін кеңейту. Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Достарымен тату болуға тәрбиелеу.	Тату доспыз бәріміз	18.09
		-Кейіпкерге мінездеме беруге үйрету. Әдеби шығарманы мұқият тыңдауға баулу. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу	Кішкентай бағбан	19.09
		-Жемістер туралы түсінігін кеңейту. Басқалардың пікірін тыңдай білуге баулу. Бақылағыштыққа тәрбиелеу.	Жемістер жыры	25.09
		-Таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Жанашырлыққа тәрбиелеу	Мақтақыз бен мысық	26.09
<b>Қыркүйек</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	-Табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру	Дыбыс	02.09
		-Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.	Дыбыс пен сөз	03.09
		-Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру.	Сөз	04.09
		-Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.	Сөз. Сөздің мағынасы	09.09
		-Балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру	Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	10.09
		-Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.	Дауысты дыбыстар	11.09
		-Дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.	Дауысты дыбыстар	16.09
		-Дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру.	Дауысты дыбыстар	17.09
		-Сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту.	Дауысты дыбыстарды бекіту	18.09
		-Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту	Дауыссыз дыбыстардың жасалуы	23.09
		-Жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру.	Біз нені үйрендік?	24.09
		-Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру	Біз нені үйрендік, нені білдік?	25.09

		-Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру	Біз нені үйрендік, нені білдік?	30.09
Қыркүйек	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.	Ата-әже	02.09
		-Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.	Ата-әже	08.09
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, қ, і, ғ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).	Әке-ана	09.09
		Сөздік қор. -Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.	Аға-әпке	15.09
		-Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.	Аға-әпке	16.09
		Тілдің грамматикалық құрылымы -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.	Іні, қарындас және жеті ата	22.09
		Байланыстырып сөйлеу. -Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	Іні, қарындас және жеті ата	23.09
		-Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Әке мен балалары	29.09

		- Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Ата, әже мерекесі	30.09
<b>Қыркүйек</b>	<b>Математиканың негіздері</b>	-Сөйлеуде өзіне немесе басқа затқа қатысты заттың орналасуын және заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) орналасуын үйрету	Кеңістікте бағдарлау	02.09
		-Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау	Қағаз бетінде бағдарлау	03.09
		-Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.	Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау	04.09
		-«Бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру	Біреу – көп	09.09
		-Заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті	10.09
		-Өртүрлі белгілері бойынша заттарды біріктіру және сәйкестендіру	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Заттардың қасиеті	11.09
		-1 саны және цифрымен таныстыру; «Көп», «бір» ұғымдарын бекіту	1 саны және цифры	16.09
		-2 саны және цифрымен таныстыру; сандарды ретімен айту	2 саны және цифры	17.09
		-3 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 3-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	3 саны және цифры	18.09
		-4 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 4-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	4 саны және цифры	23.09
-5 саны және цифрымен таныстыру; цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 5-ке дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	5 саны және цифры	24.09		
-1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету	Мен 5-ке дейін санаймын	25.09		

		-1-ден 5-ке дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету	Мен 5-ке дейін санаймын	30.09	
<b>Қыркүйек</b>	<b>Қоршаған әлем мен таныстыру</b>	- Осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	05.09	
		- Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру	Қыстап қалатын құстар және жыл құстары	08.09	
		- Жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу.	Нан дастарқанға қалай келеді?	12.09	
		- Ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту	Ауылдағы адам еңбегі	15.09	
		- Жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру	Жанды және жансыз табиғат	19.09	
		- Жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері және тіршілігімен таныстыру.	Жабайы жануарлардың тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер	22.09	
		- Заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту.	Заттар әлеміне саяхат	26.09	
		- Отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту	Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер	29.09	
<b>Қыркүйек</b>	<b>Шығармашылық бейнелеу</b>	<b>Сурет салу</b>	- Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру	Ағаш бұтақтары	05.09
		<b>Мүсіндеу</b>	- Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу		
		<b>Жапсыру</b>	- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау		

	әрекеті	<b>Құрастыру</b>	- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.		
		<b>Сурет салу</b>	-Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру	Күзгі орман	12.09
		<b>Мүсіндеу</b>	- -Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру		
		<b>Жапсыру</b>	-Шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу,		
		<b>Құрастыру</b>	-Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету		
		<b>Сурет салу</b>	-Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу,	Тостаған	19.09
		<b>Мүсіндеу</b>	-Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын мүсіндеу		
		<b>Жапсыру</b>	-Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану		
		<b>Құрастыру</b>	-Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ыдыстарын құрастыру		
		<b>Сурет салу</b>	- Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару	Жаңбырлы күн	26.09
		<b>Мүсіндеу</b>	- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу		
		<b>Жапсыру</b>	- Жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару		
<b>Құрастыру</b>	- Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу				
<b>Қыркүйек</b>	<b>Музыка</b>	-Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету	Білімнің – бұлағың	02.09	
		-Ән айту дағдыларын қалыптастыру,	Білімнің – бұлағың	05.09	
		-Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.	Нота үйренейік	09.09	
		-Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.	Нота үйренейік	12.09	
		-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.	Көңілді ырғақтар		
		-Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.	Көңілді ырғақтар	16.09	
		-Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру	Біздің аспаптар	19.09	
		-Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру	Біздің аспаптар	23.09	

	-Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен таныстыру	Біздің аспаптар	26.09
--	--	-----------------	-------

## Білім беру ұйымы

Топ/сынып мектепалды О «а» сыныбы

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі қазан айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Тақырыбы	Күні
	Дене тәрбиесі	-Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу	Ақылдылар	01.10
		- Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).	Бізбен бірге және бізден артық орында	02.10
		-Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру,	Біздің стадион	06.10
		- <b>Секіру:</b> бір орында тұрып, қос аяқпен секіру	Менің үйім	08.10
		-Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.	Менің отбасым	09.10
		-Алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру	Күшті, батыл және үлкен боламын!	13.10
		<b>Тепе-теңдікті сақтау:</b> заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру	Біз – болашақ әскерміз!	15.10
		-Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру	Әкем, анам және мен!	16.10
		-Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;	Отбасымызбен бірге жаттығамыз	20.10
-Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту	Отбасылық альбом	22.10		

		- <b>Жүгіру:</b> шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру	Тағу-тәтті баламыз!»	23.10
<b>Қ а з а н</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	-Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.	Менің атам	01.10
		-Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.	Менің атам	06.10
		-Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту	Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)	08.10
		-Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту	Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)	13.10
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.	Отбасының күзгі еңбегі	15.10
		-Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету	Отбасының күзгі еңбегі	20.10
		-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)	Күзгі жапырақтар	22.10
<b>Қ а з</b>	<b>Көркем әдебиет</b>	-Ойын өлеңді жаттауға дағдыландыру. Есте сақтау қабілетін жетілдіру. Жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	Бір аптада	02.10
		-Өлең жаттауда логикалық екпінді қолдануға баулу. Сөздік қорын байыту. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Менің ойыншықтарым	03.10

<b>а</b> <b>н</b>		-Шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.	Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқа	09.10
		-Сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	Шаруа мен аю	10.10
		-Өлең сюжетінің дамуын қадағалауға үйрету. Сұраққа толық жауап беруге жетелеу. Отанын сүюге, мақтан етуге тәрбиелеу.	Отан	16.10
		-Кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыруға үйрету. Тілдік ойлау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	Түлкі мен қоян	17.10
		-Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.	Елордамыз – Астана	23.10
		-Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Туған жерін қадірлеуге тәрбиелеу.	Елордамыз – Астана	24.10
<b>Қ</b> <b>а</b> <b>з</b> <b>а</b> <b>н</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	-Суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру.	Дауыссыз дыбыстар	01.10
		-Дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.	Дауыссыз дыбыстар	02.10
		-Дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету.	Дауыссыз дыбыстар	07.10
		-Дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату.	Біз нені үйрендік, нені білдік?	08.10
		-Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру	Дыбыстар әлемі	09.10
		-Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету.	Буын	14.10
		-Суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз	15.10
		-Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету.	Буынға бөлейік	16.10
		--Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру	Ойнай отырып оқимыз	21.10
		- Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру	Дыбыстық талдау	22.10
-Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын бекіту	Дыбыстық талдау	23.10		

<b>Қ а з а н</b>	<b>Қазақ тілі</b>	Тілдік дамытушы орта. -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру	Шәйнек	06.10
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ө, қ, ү, і дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).	Шәйнек	07.10
		Сөздік қор. -Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.	Қауын	13.10
		Тілдің грамматикалық құрылымы -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.	Өрік	14.10
		Байланыстырып сөйлеу. -Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	Қарбыз	20.10
		-Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға мүмкіндік беру.	Бүлдірген	21.10
<b>Қ а з а н  Қ ы р</b>	<b>Математика негіздері</b>	-6 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге және 1-ден 6-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	Неше? Санау	01.10
		-1-ден 6-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету	6 саны және цифры	02.10
		-7 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	7 саны және цифры	07.10
		-1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру.	7 саны және цифры	08.10
		-8 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	8 саны және цифры	09.10
		-1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге;	8 саны және цифры	14.10

К Ү й е к		-9 саны және цифрымен таныстыру. 1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	9 саны және цифры	15.10	
		-1-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіру, салыстыру	9 саны және цифры	16.10	
		-0 саны және цифрымен таныстыру; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 0-ден 9-ға дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	0 саны және цифры	21.10	
		-10 санымен таныстыру. 0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету	10 саны	22.10	
		-0-ден 10-ға дейінгі сандарды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды тура және кері санауға дағдыландыру	10 саны	23.10	
Қ а з а н	<b>Қоршаған әлеммен</b>	- Оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру	Оттың пайдасы мен зияны	03.10	
	<b>таныстыру</b>	- Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру.	Ең жақын адамдар	06.10	
		- Өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым тәсілдерімен таныстыру	Дәрілік өсімдіктер	10.10	
		- Өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру.	Өсімдіктердің көбеюі	13.10	
		- Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру	Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады?	17.10	
		- «Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету	Менің туған өлкем	20.10	
		- Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру.	Менің Отаным Қазақстан	24.10	
Қ а з а н	<b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>	<b>Сурет салу</b>	- Қазақ оюларының көпгүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру;	Қоржынды сәңдейміз	03.10
	<b>Мүсіндеу</b>	- Аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру			
	<b>Жапсыру</b>	-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру			

	<b>Құрастыру</b>	- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру		
	<b>Сурет салу</b>	- Балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;	Автобус	10.10
	<b>Мүсіндеу</b>	- Заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндету		
	<b>Жапсыру</b>	- Шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу		
	<b>Құрастыру</b>	- Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан , шығармашылықпен құрастыруға баулу.		
	<b>Сурет салу</b>	- Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді жеткізе білуін жетілдіру	Бидай масақтары	17.10
	<b>Мүсіндеу</b>	- балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, мүсіндеп мазмұнын бере білуді үйрету		
	<b>Жапсыру</b>	-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді пішіндегі заттарды қию.		
	<b>Құрастыру</b>	-Тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.		
	<b>Сурет салу</b>	- Балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру; -Табақты салу ерекшеліктерін, оны ою- өреппен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету	Сазбалшықтан жасалған табақ	24.10
	<b>Мүсіндеу</b>	- Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу -Табақты мүсіндеу		
	<b>Жапсыру</b>	- Аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою- өрнектермен безендіру -Геометриялық пішіндерден табақ қию		

		<b>Құрастыру</b>	- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру - Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту		
<b>Қ а з а н</b>	<b>Музыка</b>	- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру		Күзгі серуен	03.10
		- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуға үйрету.		Күз – жомарт	07.10
		- Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту		Күз – жомарт	10.10
		- Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, әннің шаттық күйін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту		Күзгі жаңбыр	14.10
		- Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүтіріспен беру.		Күзгі жаңбыр	17.10
		- Қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете біту, дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажырату.		Сабантойды тойлаймыз	21.10
		- Музыка сипатына сәйкес қимылдар орындау.		Сабантойды тойлаймыз	24.10

**Білім беру ұйымы**

**Топ/сынып Мектепалды О «а» сыныбы**

**Балалардың жасы 5 жастан бастап**

**Жоспардың құрылу кезеңі Қараша айы 2025-2026 оқу жылы**

А й ы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Тақырыбы	Күні
Қ а р а ш а	Дене тәрбиесі	- Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;	Желаяқтар	03.11
		- Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу	Ержүрек құмырсқалар	05.11
		- Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр);	Менің көңілді добым	06.11
		- Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу	Біздің айналамыздағы әлем	10.11
		- Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту	Африкаға саяхат	12.11
		- Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру	Құрлықтар бойынша саяхат	13.11
		- Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	Ғарышқа саяхат	17.11
		- Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру	Жігіттер сайысы	19.11
		- Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру	Керуен	20.11
		- Алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіріп	Батырлар	24.11
		- Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру	Аңшылар	26.11
		- Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру	Желді қуып жет!	27.11
		- Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту	Шаштараз	03.11

<b>Қ а р а ш а</b>	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	-Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу	Шаштараз	05.11
		- Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару	Ең тәтті дүние	10.11
		-Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру	Ең тәтті дүние	12.11
		-Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)	17.11
		-Әгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу	Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)	19.11
		-Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау	Қысқа дайындық (ертегі)	24.11
		-Сын есімдер мен үстеулерді қолдану.	Қысқа дайындық (ертегі)	26.11
<b>Қ а р а ш а</b>	<b>Көркем әдебиет</b>	-Астық жинау науқаны туралы түсінік беру. Сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру. Еңбекті бағалауға тәрбиелеу	Алтын астық	06.11
		-Әңгіменің жалғасын ойдан құрастыруға баулу. Сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	Бәрі де риза	07.11
		-Сахналық қойылымға қатысуын ынталандыру. Тіл байлығын арттыру. Кейіпкерге жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	Ақымақ қасқыр	13.11
		-Көркем сөзге қызығушылығын арттыру. Тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу. Бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу	Жұлдызды сәт	14.11
		-Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу	Әдептілік әлемі	20.11
		-Әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу	Әкесі мен балалары	21.11
		-Сахналық қойылымға қатысуға ынталандыру. Тіл байлығын жетілдіру. Қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.	Айтыс	27.11
		- Метро туралы түсінігін тиянақтау. Өлеңді дұрыс қабылдауға баулу. Басқаның пікіріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.	Алматы метросы	28.11
<b>Қ</b>		- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру	Дыбыстық талдау	04.11
		- Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.	Дыбыстық талдау	05.11

а р а ш а	Сауат ашу негіздері	- Дыбыстардың сөз ішіндегі орнын анықтай алу дағдыларын дамыту.	Дыбыстық талдау	06.11
		- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.	Дыбыстық талдау	11.11
		- Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.	Дыбыстық талдау	12.11
		- Дауысты дыбыстардың түрлерін ажырата алу дағдыларын бекіту	Дыбыстық талдау	13.11
		- Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру.	Дыбыстық талдау	18.11
		- Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету.	Сөздерді буынға бөлеміз	19.11
		- Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру.	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу	20.11
		- Балаларды дыбыстың сөздегі орнын таба білуге үйрету.	Дыбыстың сөздегі орны	25.11
		- Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту.	Ойнай отырып оқимыз	26.11
		- Сөздерді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру.	Біз нені үйрендік, нені білдік?	27.11
Қ а р а ш а	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. -Қазақ халқының аң аулауда қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.	Еліме саяхат	03.11
		-Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.	Күз	04.11
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ү, ұ, і, ғ, һ дыбыстарың, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру	Күз	10.11
		Сөздік қор. -Аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге баулу.	Арыстан	11.11
		Тілдің грамматикалық құрылымы -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.	Қасқыр	17.11

		Байланыстырып сөйлеу. -Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.	Түлкі	18.11
		-Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге	Түлкі	24.11
		-Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.	Бұғы	25.11
Қ а р а ш а	Математ ика негіздері	-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Қанша?», «Реті бойынша нешінші?» сұрақтарын ажырату	Қанша? Реті бойынша нешінші?	04.11
		-Геометриялық фигуралар: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш	05.11
		-Геометриялық фигураларды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш атауларын, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш	06.11
